

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**  
**Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыттары бойынша**  
**академиялық комитет мәжілісінің**

**№ 4 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы**

**21.12.2023 ж.**

**Қатысқандар:** АК төрағасы - Б.Ауезов PhD, аға оқытушы, АК мүшелері – PhD, аға оқытушы М.Сұлтанбек, PhD, аға оқытушы Г.Абдуллина, аға оқытушы С.Сахитжанова, аға оқытушы Ж.Шалабаева; жұмыс беруші өкіл №23 ІТ мектеп-лицейінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.А.Акилбекова, білімгерлер 7М01303- Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі магистрант А.Ү.Төребай; білімгер Д.Р.Тимерхан.

Қатыспағандар:-

**Күн тәртібінде**

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру.
2. 6В01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 7М01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламаларын қайта қарау және жаңарту, жобалау.
3. ББ-ларына мониторинг ұйымдастыру стратегиясын дайындау.
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы Б.Н.Ауезов:** Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру мәселесі қойылған. аталмыш білім беру бағдарламасын жобалау үшін біз сіздермен тренинг өткізсек деп едік.

Қазіргі жас маманның қалыптасуы мыналарға негізделген жұмыс берушілер, студенттер мен студенттер арасындағы ынтымақтастықты нығайту университеттер, әсіресе оқу бағдарламаларын әзірлеуде инновациялық, кәсіпкерлік және зерттеу жұмыстарын арттыру түлектердің әлеуеті.

Осыны ескере отырып, біз екінші мәселеде тұрған 6В01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 7М01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламаларын қайта қарау және жаңарту, жобалау жұмыстарын жүргізуіміз қажет.

Бұл жұмыс ұжымдық жұмыс болғандықтан, біз алдымен ұжымдағы қарым-қатынас мәселесін тренинг арқылы анықтап, содан соң БББ-ның мазмұнын жаңарту және жобалау жұмысын жауаптыларға бөлсек деп отырмыз.

**АК мүшесі М.Ж.Сұлтанбек:**

2023-2024 оқу жылында ББ жаңарып, ББ пәндерін жалпы саны өзгерді. Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерден құралды. Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) базалық пәндер (БП) және бейіндеуші пәндер – қорытынды аттестаттау.

Бакалавриат кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі. БП және бейіндеуші пәндер оқу пәндерін, кәсіби практика түрлерін оқуды қамтыды.

**АК мүшесі С.О.Сахитжан:** Бүгінгі күн тәртібіндегі екінші мәселе 6В01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын жаңарту барысында білім беру стратегиясын көрсеткен дұрыс. ҚР ҒЖБМ 2023 жылдың 27 наурызындағы №125

бұйрығына қосымша «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілген. Академиялық комитет мүшелері жаңа бұйрықпен таныстырылы. Осы ұсынымда практиканы өткізу туралы барлық нұсқау берілген және әр практиканың өзіндік ерекшеліктері көрсетіліп, оқыту нәтижелері белгіленіп, мәні мен мазмұны қамтылған.

**АК мүшесі Ж.С.Шалабаева:** ҚР ҒЖБМ 2023 жылдың 27 наурызындағы №125 бұйрық бойынша жүктемеге сәйкес практика жетекшілері өздеріне бөлінген практика түрлеріне байланысты практика бағдарламаларының мазмұнын аталмыш бұйрықта көрсетілген оқыту нәтижелерін сәйкестендіріп жаңартуды ұсынамын.

Педагогикалық практика әрбір курс бойын оқудың барлық кезеңінде жүзеге асырылады және келесі практика түрлерін қамтиды:

- 1) оқу(танысу)практикасы(1-курс,көлемі2кредиттенкемемес,60сағат);
- 2) психологиялық-педагогикалықпрактика(2-курс,көлемі2кредиттенкемемес,60сағат);
- 3) педагогикалықпрактика(3-курс,көлемі1кредиттенкемемес,180сағат);
- 4) өндірістікпедагогикалықпрактика(4-курс,кемінде15 кредит,450сағаткөлемінде).
- 5) дипломалды практика (4-курс, көлемі2кредиттенкемемес,60сағат).

Барлығы:кемінде27кредит,810сағатты құрайды.

**АК төрағасы Б.Н.Ауезов:** Құрметті АК мүшелері, бүгінгі мәжілістеқарастырылған мәселелердің барлығына тоқталып, атсалысқандарыңыз үшін рақмет. Алдағыуақытта атқарылатын жұмыстар өте көп, ұжыммен бірлесіп жасаған жұмыс әрқашан оңшешімін табады деген сенімдемін.

#### **ШЕШІМ:**

- 1) 6В01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының ішкі аудит есебі қабылдансын.
- 2) Аталмыш БББ бойынша практика бағдарламаларының мазмұны жаңартылып бекітілсін.
- 3) Желтоқсан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

**АК төрағасы:**

**Хатшысы:**

**Б.Н.Ауезов**

**А.Ү.Төрбай**